QazIndustry

# ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП

## 2021 ж. қаңтар-тамыз

**145,4**
**МЛРД ТГ**

**140,8%**
**ФКИ**

**24 мың тонна +4%**
Алкалоидтерден тұратын ДЗ

**1,3 мың тонна +66%**
Антибиотиктерден тұұратын ДЗ

**145 тонна +75%**
Гормондардан тұратын ДЗ

*2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өсу*

---

**$38 МЛН**



**ЭКСПОРТ**




**НАРЫҚ**

**$973 МЛН**



**ИМПОРТ**

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-шілдедегі деректер

---

## ҮЗДІК ӨНДІРУШІ ӨҢІРЛЕР



**2021 жылғы қаңтар-тамыздағы фармацевтикалық өнеркәсіп**

Өндіріс көлемінің тұрақты өсуі сала дамуының негізгі қозғаушы факторы болды. 2021 жылғы қаңтар-тамызда отандық фармацевтиалқ кәсіпорындар **145,4 млрд теңгеге өнім шығарды**: 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда +78,4%. Өнеркәсіптік өндіріс индексі (ФКИ) 140,8% құрады.

Отандық кәсіпорындар коронавирус инфекциясымен күрес аясында фармацевтикалық өнімге **жоғары қажеттілікті қамтамасыз етуде,** бұл, төмендегі тауар топтарының едәуір өсуіне әсер етті: антибиотиктерден тұратын дәрілік заттар (+66%), алкалоидтерден тұратын дәрілік заттар (+4%), дәрілік заттар, гормондар (+75%).

2021 жылғы 7 айда ҚР-да фармацевтикалық нарық көлемі **1,2 млрд АҚШ долл.** құрады, онда, ОТӨ үлесі **20,9%,** импорт өнім үлесі – 79,1% құрады. **Экспорт көлемі 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 38 млн АҚШ долл. құрап,** 15,2% өсті.

Өсу ветеринарлық вакцина; аскорбин қышқылынан тұратын ДЗ (С дәрумені); бөлшек саудаға арналған формаларға немесе қорапқа салынған ДЗ жеткізудің өсуі есебінен болды. Осы кезеңде Қазақстан үшін **Ресей (47,5%), Өзбекстан (32,9%), Қырғызстан (8,2%)** негізгі экспорт нарықтары болды.

**2021 жылғы қаңтар-шілдеде** фармацевтикалық өнім **импорты** 11,7% өсті және 973 млн АҚШ долл. құрады.

Фармацевтикалық өнімге жоғары сұраныстың болуы импорт көлемінің өсуінің негізгі себебі.

Қазақстандық фармацевтикалық индустрияның өндірістік қуаты төрт негізгі өңірде шоғырланған және **2021 жылғы қаңтар-тамызда 95,5% өндіріс көлемін қамтамасыз етті**: Қарағанды облысы (48%), Шымкент қ. (20,7%), Алматы облысы (15,5%) және Алматы қ. (11,3%).